

Қазынашылық облигациялар	Мәні	Апталық өзгеріс*	Айлық өзгеріс*	Жылдық өзгеріс*
10-летние, США	4,09	-	14 -	13 -
10-летние, Казахстан	16,83		5	85
10-летние, Gilt	4,65	-	7	11
10-летние, Bund	2,66	-	6	1

Money market indices	Мәні	Апталық өзгеріс*	Айлық өзгеріс*	Жылдық өзгеріс*
SOFR	4,41	7	7,0	10
EUORDEPO	1,90	2	2	-101
TONIA	15,84	154	33	154
TWINA	15,97	119	46	119
SWAP-1D (USD)	11,49	32	80	274
SWAP-2D (USD)	11,47	37	75	257


Credit spreads (OAS)	Мәні	Апталық өзгеріс*	Айлық өзгеріс*	Жылдық өзгеріс*
US HY (LF98TRUU Index)	303,49	309 -	1 485	320
US IG (LUACTRUU Index)	78,34	-	146 -	274 -
EM HY (BEBGTRUU Index)	383,02	398 -	94 -	817
EM IG (I04276US Index)	95,76	302 -	252 -	876

Өткен аптадағы МБҚ орналастырылуы						
ISIN	Тикер	Күні	Шығарылы м көлемі, млн тг	Кірістілік, %	Купон, %	Өтелуіне дейінгі мерзім (жыл)
KZK200000679	MOM060_0052	02.09.2025	69 424	16,90%	10,50	322 (1)
KZKD00001244	MUM084_0019	02.09.2025	33 012	17,00%	12,00	1 970 (5)
KZKD00001301	MUM096_0015	02.09.2025	32 000	16,95%	14,45	2 793 (8)


Алдағы МҚБ орналастырулары						
ISIN	Тикер	Күні	Жарияланған көлем, млн тг	Купон, %	Өтелуіне дейінгі мерзім (жыл)	
KZK100000423	MKM012_0161	09.09.2025	20 000	-	248	
KZK200000760	MOM048_0056	09.09.2025	20 000	17,01	1 409 (3,9)	
KZKD00001228	MUM096_0014	09.09.2025	40 000	14,00	2 043 (5,7)	
KZKD00001277	MUM108_0015	09.09.2025	20 000	14,50	3 057 (8,5)	

Негізгі мөлшерлемелер			
Ел / аймақ	Негізгі мөлшерлеме	Шешім қабылданған күн	Келесі отырыс күні
АҚШ	4,50%	30.07.2025	17.09.2025
ЕОБ	2,15%	24.07.2025	11.09.2025
Қазақстан	16,50%	29.08.2025	10.10.2025

МБҚ бойынша SPOT қисығы



US Treasury Yield Curve



Кірістілік пен спредтердегі өзгерістер



Centras Securities Telegram-арнасына жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Қор индекстері	Мәні, теңге	Апталық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
АҚШ			
S&P 500	6 481,50	0,33%	9,1%
NASDAQ	21 700,39	1,14%	10,6%
DJIA	45 400,86	-0,32%	7,1%
CBOE Volatility Index (VIX)	15,18	-1,17%	-5,9%
Еуропа			
FTSE 100	9 208,21	0,23%	12,0%
DAX	2 004,97	-1,48%	18,3%
Азия			
Hang Seng	25 417,98	1,36%	28,6%
Nikkei 225	43 018,75	0,70%	9,4%
Shanghai SE	3 812,51	-1,18%	18,7%
Қазақстан			
KASE	7 075,32	1,18%	24,6%

Валюта	Мәні	Апталық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	535,89	-0,40%	2,2%
RUB/KZT	6,40	0,00%	31,5%
CNY/RUB	11,16	1,00%	-23,1%
EUR/USD	1,17	0,28%	13,7%

Тауар-шикізат нарықтары	Мәні	Апталық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Brent (USD/BBL)	65,5	-3,85%	-14,4%
WTI (USD/BBL)	61,9	-3,34%	-16,3%
Золото (USD/OZS)	3 613,2	4,02%	36,6%

Алдағы аптаның жарияланымдары		
Күні	Ел	Жарияланым
	Еуроаймақ	Евротоп отырысы
Сейсенбі, 9 қыркүйек	Қытай	Тұтыну бағалары индексі (ТБИ, ж/ж) (тамыз)
Сәрсенбі, 10 қыркүйек	АҚШ	Өндірушілер бағалары индексі (PPI, а/а) (тамыз)
	АҚШ	Шикі мұнай қоры
	АҚШ	ОПЕК айлық есебі
	Еуроаймақ	Депозиттік қаражаттар бойынша мөлшерлеме (қыркүйек)
	Еуроаймақ	Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (қыркүйек)
	АҚШ	Тұтыну бағалары индексі (ТБИ, ж/ж) (тамыз)
Бейсенбі, 11 қыркүйек	АҚШ	Негізгі тұтыну бағалары индексі (ТБИ, а/а) (тамыз)
	АҚШ	Бастапқы жұмыссыздық бойынша жәрдемақыға өтінімдер саны
	Еуроаймақ	ЕОБ баспасөз конференциясы
Жұма, 12 қыркүйек	Қытай	Берілген қарыздар көлемі (тамыз)

Әлемдік қор нарықтары

Фонд нарықтары өткен аптадағы сауданы әртүрлі бағытта аяқтады. S&P 500 индексі 0,33%-ға өсіп, \$6 481,50 пунктке жетті; Nasdaq Composite 1,14%-ға көтеріліп, \$21 700,39 пунктті құрады, ал өндірістік Dow Jones 0,32%-ға төмендеп, \$45 400,86 деңгейінде жабылды.

Аптаның басында АҚШ қор индекстері қысымға түсті, себебі әлсіз корпоративтік есептер және технологиялық сектор акцияларына қызығушылықтың азаюы жаппай сатылымға әкелді. Әсіресе Dell Technologies акциялары ИИ серверлерін дамытуға байланысты шығындардың өсуі аясында айтарлықтай құлдырады, бұл Nvidia мен Broadcom сияқты басқа салалық компаниялардың да котировкаларының төмендеуіне ықпал етті. Қосымша әсер еткен фактор — АҚШ-тағы инфляция бойынша деректер: шілде айындағы PCE индексі болжамдарға сәйкес келіп, ФРЖ саясатын жақын арада жұмсартуға деген күтулерді нығайтты. Осыған байланысты доллар әлсіреді, ал қыркүйек айындағы отырыста мөлшерлеменің төмендеуі ықтималдығы 90%-ға жақындады.

Аптаның ортасына қарай нарықтардың назары геосаясат пен бюджеттік тәуекелдерге ауысты. Вашингтонның тарифтік саясаты төңірегіндегі белгісіздіктің күшеюі, баж салығының заңдылығына қатысты сот даулары және Дональд Трамп пен ФРЖ арасындағы шиеленістің артуы акциялардың сатылуына және алтын сияқты қорғаныс активтеріне сұраныстың артуына себеп болды. Алтын тарихи максимумға жетті. Жағдайды өнеркәсіп бойынша әлсіз деректер және маусымдық фактор ұшықтырды: қыркүйек айының жақындауы, әдетте, қор нарығы үшін қолайсыз кезең болып саналады.

Аптаның екінші жартысында инвесторлардың көңіл-күйі оң корпоративтік жаңалықтардың арқасында біршама жақсарды. Google мен Apple ісі бойынша монополияға қарсы реттеушінің шешімі олардың акцияларының өсуіне ықпал етіп, бүкіл технологиялық секторға серпіні берді. Алайда макроэкономикалық статистика оптимизмді қайта бәсеңдетті: АҚШ-тағы бос жұмыс орындарының саны соңғы он айдағы ең төмен деңгейге түсті, ал жұмыссыздық деңгейі алғаш рет ашық жұмыс орындарының санынан асып түсті. Жұмыссыздық бойынша алғашқы жәрдемақыға өтінімдер мен ADP есебі де еңбек нарығының баяулауын көрсетті, бұл ФРЖ мөлшерлемесін қыркүйекте төмендету күтулерін күшейтеді.


Аптаның қорытынды нүктесі еңбек нарығы бойынша негізгі есептің жариялануы болды. Ол еңбек нарығындағы баяу динамиканы растады: жаңа жұмыс орындарының өсімі болжамнан әлдеқайда төмен болды. Бұл ақша-несие саясатын жұмсарту циклі жақын арада басталады деген сенімді нығайтты. Инвесторлардың көпшілігі мөлшерлемені 25 б.п.-ға төмендетуді күтсе, кейбіреулері одан да қатаң қадамды жоққа шығармайды. Осындай күтулер аясында доллар құбылып тұрды, ал нарықтардың назары алдағы инфляция деректеріне ауды. Саяси күн тәртібі де назарда қалды: Дональд Трамп ФРЖ төрағалығына кандидаттар тізімін ұсынды, бұл реттеушінің құрылымы мен тәсілдерінде ықтимал өзгерістер туралы алыпқашпа әңгімелерді күшейтеді.

Мұнай


Өткен аптада Brent маркалы мұнай бағасы -3,8%-ға төмендеп, барреліне \$65,50 деңгейіне жетті. АҚШ-тың WTI мұнайының бағасы да -3,3%-ға төмендеп, барреліне \$61,87 болды.

Аптаның басында мұнай бағалары салыстырмалы түрде тұрақты сақталды: нарық ОПЕК+ елдерінің өндірісті қысқарту жөніндегі күтілімдері мен әлемдік экономиканың баяулауына қатысты алаңдаушылықтың арасында теңгерім тапты. Инвесторлардың оптимизмі ФРЖ-ның жұмсақ ақша-несие саясатына қатысты күтілімдермен күшейді, бұл экономикалық белсенділікті және энергияға сұранысты қолдай алады деген болжам болды. Алайда аптаның ортасына қарай жағдай өзгерді: бағалар АҚШ-тың мемлекеттік қаржыларына қатысты алаңдаушылықтың күшеюі мен қор нарығының әлсіреуі салдарынан төмендей бастады. Қысым әсіресе АҚШ еңбек нарығы бойынша әлсіз деректер жарияланғаннан кейін күшейді, олар жұмысқа қабылдаудың баяулағанын және жұмыссыздықтың өскенін көрсетті. Қосымша фактор ретінде ОПЕК+ елдерінің өндірісті арттыру мүмкіндігін талқылағаны туралы хабарламалар әсер етті, бұл нарықтың артық ұсыныспен толу қаупін күшейтеді. Аптаның соңына қарай мұнай бағаларының төмендеуі жылдамдады: 5 қыркүйекте жарияланған АҚШ еңбек нарығы бойынша өте әлсіз деректер жаһандық экономиканың тұрақтылығына және бол ашақтағы отынға сұранысқа күмәнді күшейтеді.

Мұнай динамикасы Brent & WTI, \$/барр.



USD/KZT & USD/RUB



Centras Securities Telegram-арнасына жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.